

**"Он сегіз жасқа толмаған жұмыскерлердің еңбегін пайдалануға тыйым салынатын жұмыстардың тізімін, он сегіз жасқа толмаған жұмыскерлердің ауыр заттарды тасуы мен қозғалтуының шекті нормаларын және әйелдердің еңбегін пайдалануға тыйым салынатын жұмыстардың тізімін, әйелдердің ауыр заттарды қолмен көтеруінің және жылжытуының шекті нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 8 желтоқсандағы № 944 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2021 жылғы 10 желтоқсандағы № 464 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 15 желтоқсанда № 25800 болып тіркелді

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Он сегіз жасқа толмаған жұмыскерлердің еңбегін пайдалануға тыйым салынатын жұмыстардың тізімін, он сегіз жасқа толмаған жұмыскерлердің ауыр заттарды тасуы мен қозғалтуының шекті нормаларын және әйелдердің еңбегін пайдалануға тыйым салынатын жұмыстардың тізімін, әйелдердің ауыр заттарды қолмен көтеруінің және жылжытуының шекті нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 8 желтоқсандағы № 944 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 12597 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Он сегіз жасқа толмаған жұмыскерлердің еңбегін пайдалануға тыйым салынатын жұмыстардың тізімін, он сегіз жасқа толмаған жұмыскерлердің ауыр заттарды тасуы мен қозғалтуының шекті нормаларын және әйелдердің ауыр заттарды қолмен көтеруінің және жылжытуының шекті нормаларын бекіту туралы";

1-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Әйелдердің ауыр заттарды қолмен көтеруінің және жылжытуының шекті нормалары бекітілсін.";

2-қосымша осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбек және әлеуметтік әріптестік департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды ;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2 ) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бірінші вице-министрі А.Ә. Сарбасовқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Еңбек және халықты әлеуметтік  
қорғау министрі

С. Шапкенов

Қазақстан Республикасының  
Еңбек және халықты  
әлеуметтік қорғау министрі  
2021 жылғы 10 желтоқсандағы  
№ 464  
Бұйрыққа қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау  
және әлеуметтік даму  
министрінің  
2015 жылғы 8 желтоқсандағы  
№ 944 бұйрығына  
2-қосымша

## Әйелдердің ауыр заттарды қолмен көтеруінің және жылжытуының шекті нормалары

Р/с №	Жұмыстың сипаты	Жүктің шекті салмағы
1	2	3
1.	Ауыр заттарды қолмен көтеру және жылжытуды (біржолғы) басқа жұмыспен кезектестіру (бір сағатта 2 ретке дейін)	1 0 килограмм
2.	Жұмыс ауысымы бойы үнемі ауыр заттарды қолмен көтеру және жылжыту (біржолғы)	7 килограмм
3.	Жүкті 1-ден 5 метрге дейінгі қашықтыққа жылжыту кезіндегі жұмыс ауысымының әр сағат сайын орындалатын серпінді жұмыс мөлшері:	
	жұмыс орнының үстінен	1 7 5 0 килограмм/ метр
	еденнен аспауға тиіс	8 7 5 килограмм/ метр

**Ескертпе:**

1. Көтеретін және жылжытатын жүктің салмағына ыдыстың және орамының салмағы кіреді.

2. Арбамен немесе контейнермен жүкті жылжытқан кезде қоса жұмсалатын күш-жігер 10 килограмнан аспауға тиіс.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК